

## Уран өнімінің экспортын реттеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 ақпандағы N 130

"Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспорты мен импорты жөніндегі Ұлттық оператор туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 қарашадағы N 1659 P971659\_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық компаниясы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитетімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен бірлесіп заңда белгіленген тәртіппен бір ай ішінде:

"КАТЭП" АҚ-ның 1995-1997 жылдардағы кезеңде бұрын оның басқаруында болған мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға тиесілі өнімнің есебінен алған валюталық түсімдері бойынша бұрын жүргізілген өзара есеп айырысуларын тексеруді жүзеге асырсын және негізсіз ұсталған сомалар анықталған жағдайда оларды қайтару жөнінде қажетті шаралар қолдансын;

"КАТЭП" АҚ-ның 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша активтері мен пассивтерін нақтыласын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңда белгіленген тәртіппен:

"КАТЭП" акционерлік компаниясы мен шетел фирмаларының арасында жасалған уран өнімінің экспорты бойынша құқықтар мен міндеттемелерді "КАТЭП" акционерлік қоғамынан "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясына беруді қайта ресімдеу жөнінде;

бір ай мерзімде атом энергетикалық станцияларын (АЭС) жобалау және құрылысын салу бойынша функцияларды, сондай-ақ радиоактивтік қалдықтарды кәдеге жарату және көму (сақтау) республикалық жүйесін құру жөніндегі функцияларды "КАТЭП" акционерлік қоғамынан "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясына беру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкімен бірлесіп заңда белгіленген тәртіппен уран өнімімен экспорттық операцияларға арналған мәмілелер жасау паспортын "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясына қайта ресімдесін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"КАТЭП" атом энергетикасы және өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 31 тамыздағы N 752 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 34, 394-к ұ ж а т ) ;

"Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом

энергетикасын реформалауды тереңдету және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430

Р961430\_

қаулысы 8-тармағының  
екінші- жетінші абзацтары.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 3 абзацы өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.17.  
N 347 қаулысымен.

Р980347\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі